



МЕМІН

Мектеп-лицейі директоры

Г. Тусупова

2023 ж.

**Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейінің
әлеуметтік педагогының 2023-2024 оқу жылының жылдық
жұмыс жоспары**

Мақсаты: оқушылардың жеке тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдай (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) жасау. Әлеуметтену үдерісінде өздігінен даму және өзін-өзі танытуда оқушыларға кешенді әлеуметтену-психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сондай-ақ, оқушылардың өмір сүру кеністігінде оларды қорғау (әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, құлықтылық).

Міндеттері:

- балалардың құқық бұзушылығының, қараусыздығының және бақылаусыздығының алдын-алу, әлеуметтік бұзушылықтарды (девиантты, мінез-құлық, зиян әдеттер, балаларға қатысты қатыгездік);
- азаматтық жауапкершілікке, құқықтық сана-сезімге және ішкі адамгершілік құндылықтар жүйесін тәрбиелеу;
- мектепшілік және ЮПТ есебінде тұрған оқушылармен жеке жұмыс;
- қамқорлық пен қорғаншылыққа мұқтаж, мүмкіншіліктері шектеулі, девиантты мінез-құлықты, сондай-ақ, төтенше жағдайға ұшыраған білім алушыларға көмек көрсетуде педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен (оларды алмастыратын тұлғалармен), әлеуметтік қызмет мамандарымен, қайырымдылық ұйымдарымен бірлесе әрекет ету;
- аз қамтылған отбасы балаларына, ерекше білім қажеттіліктеріне ие оқушыларға, қамқорлықтағы оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;

№ р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1	«Аз қамтылған», «Көп балалы», «Толық емес» отбасыларынан шыққан және ата-	Қыркүйек	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагогтер	Бекітілген тізім

	анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды анықтау			
2	Мектептің әлеуметтік төлқұжатын жасау	Қыркүйек	Әлеуметтік педагогтер	Төлқұжат
3	Психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі ППМАЖ – ды толықтыру	Қыркүйек	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагогтер	ППМАЖ жүйесінің оқу жылына сәйкестігі

II. Балалық құқығын қорғау жұмысы

4	«Бала құқығы – адам құқығы» республикалық онкүндік аясында оқушылар арасында құқық бұзушылықты алдын-алу жөнінде ҚЖТІЖ инспекторымен бірлескен дәрістер (ҚР-ның құқық бұзушылыққа байланысты заңнамалары, ескертулер т.б.), іс-шаралар өткізу, рейд жүргізу	Қараша	ДТІЖО Сынып жетекшілері Әлеуметтік педагогтер	Дәрістер, іс-шаралар, фото есеп, рейд
5	5-11 сыныптар арасында қаңғыбастықты және құқық бұзушылықты алдын-алу жөнінде ҚЖТІЖ инспектормен бірлескен дәрістер өткізу	Ақпан	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагогтер ҚЖТІЖ инспекторы	Дәрістер, фото есеп

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

6	Ювеналды полиция тіркеуінде, «Мектепішілік есепте» тұрған оқушылармен жұмыс	Сәуір	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагогтер	Талдау, анықтама
---	---	-------	---	------------------

	(сабақтарына қатысу, ата-анасымен әңгімелесу)			
7	«Қолайсыз отбасынан» шыққан оқушылардың үйіне рейд жасау, ата-аналармен сөйлесу	Жылына 2 рет	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагогтер КЖТіЖ инспекторы	Рейд карточкасы

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

8	Кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық ұйымдарымен бірлесіп отбасылардың, оқушылардың жағдайын қарастыру	Қажет болғанда	ДТіЖО Сынып жетекшілері Әлеуметтік педагогтер	Анықтама
---	---	----------------	---	----------

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

9	«Қамқоршылар және қорғаншылар» күніне іс-шара ұйымдастыру	Қазан	Әлеуметтік педагогтер	Бағдарлама
10	Қамқоршылармен жұмыс	Жылына 2 рет	Әлеуметтік педагогтер	Қамқоршы есебі
11	Оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында сыныптардың ата-аналарының жиналысына қатысу	Қазан	Сынып жетекшілері Әлеуметтік педагогтер	Хаттама
12	Дисфункционалды отбасыларына қатысты мемлекеттік қызмет стандарттары жөнінде ақпараттандыру	Сәуір	Сынып жетекшілері Әлеуметтік педагогтер	Анықтама

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

13	Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша айлық, тоқсандық сараптама жасау	Үнемі	ДТіЖО Сынып жетекшілері Әлеуметтік педагогтер	Мониторинг
----	--	-------	---	------------

Әлеуметтік педагог



А.Есембекова
Т.Жүнісбек

Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейі
әлеуметтік педагогының 2023-2024 оқу жылында
атқарған жылдық жұмыстары бойынша сараптама

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты: Оқушылардың жеке тұлғалық дамуы үшін қолайлы (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) жағдай жасау. Әлеуметтену үдерісінде өздігінен даму және өзін-өзі танытуда оқушыларға кешенді әлеуметтену-психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сондай-ақ оқушылардың өмір сүру кеңістігінде оларды қорғау (әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, құлықтылық).

Жұмыс барысында келесі міндеттер орындалды:

–«аз қамтылған», «көп балалы», «толық емес» отбасылардан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;

- қамқорлық пен қорғаншылыққа мұқтаж, мүмкіншіліктері шектеулі, девиантты мінез-құлықты, сондай-ақ, төтенше жағдайға ұшыраған білім алушыларға көмек көрсетуде педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен әлеуметтік сала мамандарымен, қайырымдылық ұйымдармен бірлесе әрекет ету;

- оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау;


Жоспар бойынша 2023-2024 оқу жылының тамыз-қыркүйек айларында "Мектепке жол" атты республикалық акция туралы үгіт - насихат, көмек көрсету және ықпал ету жұмыстары жүргізілді. Ұстаздардың, ата-аналардың және кентіміздегі кәсіпкерлердің "Мектепке жол" қайырымдылық акциясына қатысуы қамтамасыз етілді.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету. Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде әлеуметтік себептер бойынша оқушылардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін көмек көрсету.

Аталған акция аясында әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан 115 оқушыға мектеп формасын сатып алу үшін жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржылай көмек ұсынылды.

Сонымен қатар, кентіміздегі «Ақадыр жастары» атынан аз қамтылған, көп балалы және толық емес отбасынан шыққан 17 оқушыға канцелярлық тауар (2 оқушыға сөмке, дәптер, пенал, өшіргіш, ұштағыш, қалам, қарындаш, күнделік, ермексаз, желім, сызғыш, түрлі-түсті қарындаш, акварель т.б.) түрінде көмек көрсетті, одан бөлек 90 оқушыға «Нұрлан Смагулов қорынан» канцелярлық тауарға көмек көрсету жоспарлануда. Және мектебіміздің ұстаздары 2 оқушыға канцелярлық тауар, 1 оқушыға мектеп формасымен (1 оқушыға сөмке, дәптер, пенал, өшіргіш, ұштағыш, қалам, қарындаш, күнделік, ермексаз, желім, сызғыш, түрлі-түсті қарындаш, акварель т.б.) түрінде көмек көрсетті. Мектеп-лицейінің кәсіподақ ұйымы 1 оқушыға ақшалай көмек көрсетсе, екінші кәсіподақ ұйымы көпбалалы отбасылардағы 30 оқушыға канцелярлық тауар (дәптер, пенал, өшіргіш, ұштағыш, қалам, қарындаш, күнделік, ермексаз, желім, сызғыш, түрлі-түсті қарындаш, акварель т.б.) түрінде көмек көрсетті.





Жоғарыда көрсетілген жұмыстардың нәтижесінде аз қамтылған отбасынан шыққан 80 оқушыға, көп балалы отбасынан шыққан 27 оқушыға, толық емес отбасынан шыққан 32 оқушыға, жалпы саны 139 балаға көмек көрсетілді.

Қыркүйек айында Қамқоршылық Кеңеспен жалпыға бірдей білім беру қорынан әлеуметтік осал топ отбасыларына берілген қаржылай көмек көрсету туралы есебі берілді.

Қыркүйек айында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына мониторинг жасалды. Мониторинг жасалу барысында: аз қамтылған отбасынан шыққан – 162 оқушы, көп балалы отбасынан шыққан – 288 оқушы, толық емес отбасынан – 141 оқушы, оқу жылының басында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған – 1 оқушы анықталды. Сонымен қатар, қыркүйек айында құқық бұзушылықтың алдын-алу топтарын құру, жағдайы төмен отбасыларды анықтау, оқушылардың бас құжаттарын тексеру, сыныптардың әлеуметтік паспорттарын құру, ППМАЖ жүйесі бойынша толықтырулар енгізілу, әлеуметтік жағдайы төмен балалардың сабаққа қатысуын бақылау іс-шаралары өткізілді.

Қыркүйек айының соңында оқу жылының басталуына байланысты өткізілген жалпы ата-аналар жиналысында «Мектепке жол» республикалық акциясының қорытындысы таныстырылды.

Қыркүйек айында Шет ауданының білім бөлімінен келіп түскен Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде әлеуметтік санатқа жататын отбасылардан шыққан жалпы саны 484 оқушы, оның ішінде бастауыш сынып оқушылары әлеуметтік санатқа қарамастан жалпылама түрде түгелімен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді, 5-11 сынып әлеуметтік осал топқа байланысты тегін ыстық тамақпен ұйымдастырылды, ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды e.bilimal платформасы арқылы енгізіп қабылданды. Жалпы 85 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Қыркүйек айының 29 күні «Қамқор» облыстық кең ауқымды рейді аясында әлеуметтік педагогы, психологы және ЮПТ УПИ Ғалым Ә.Қ. қызметі қиын өмірлік жағдайдағы тап болған қолайсыз отбасыларды анықтау, балалардың құқықтарын бұзу фактілерін, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу, себепсіз сабақтарды 10 және одан да көп күн өткізіп жіберу анықтау мақсатында үйлерді аралады.



Қазан айында қолайсыз отбасылардың үйлеріне отбасылық зерттеу актісі жасалып, ата-аналармен және оқушылармен әңгіме жүргізілді. Қолайсыз отбасы қатарында тұрған 4 Г сынып оқушысы Холодов Антонның анасымен баланың жанында болмауына байланысты тұрғылықты мекен жайы бойынша тұрмыстық зерттеу актісі жасалып, ата-анасымен әңгіме жүргізілді. Әңгімелесу барысында анасы жұмысы жоқ екендігін, қосымша жұмыс жасайтынын айтты.



Қазан айында "Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында 8-11 және 5-7 сыныптарда жаппай ұлдар жиналысында, қыздар жиналасында мектептегі ішкі тәртіп ережелері қарастырылды.

Қазан айында "Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында 5-9 сынып оқушыларына құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыру

бойынша бейнежазба көрсетілді. Мақсаты: Оқушылардың қазіргі уақыттағы ойын мәселесі туралы түсінігін қалыптастыру, ойынның бар кемшіліктерін түсінуін дамыту, адамгершілік мәдениетіне тәрбиелеу.



Қазан айында сынып жетекшілер мен 5-11 сынып старосталарының қатысуымен супервизия өткізілді.

Мақсаты: Кәмелетке толмағандардың әлеуметтік және аутодеструктивті мінез-құлқының профилактикасы және білім алушылардың әлеуметтену мониторингін енгізу мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету.



Қазан айында "Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында директордың ТДЖО, әлеуметтік педагог, мектеп психологы және ЮПТ УПИ Ә.Х.Ғалым құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жиналыс өткізді.

Қараша айында «Қатыгездік және зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқанына арналған «Құқығым бар» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында семинар – тренинг өтті. Семинар – тренингтің мақсаты: баланың өзінің құқығы туралы түсінік беру, басқа адамдардың құқығымен байланысы және міндеттері; өз құқығын қорғау және басқа адамдардың құқығын сыйлау дағдыларын қалыптастыру. Құқық пен міндет жөнінде түсініктерін қалыптастыру; өз құқығын қорғау қажеттілігімен өзге адамдардың құқығын құрметтеу қажеттілігін дамыту. Семинар – тренинг барысында әлеуметтік педагогтер бала құқығы жайлы, оқушыларға қатысты заңмен, баптарымен, оқушы құқығы мен міндеттері туралы айтып өтті. 8-11 сынып оқушыларының арасында бала құқығына байланысты әңгіме жүргізілді. Оқушылар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, «Сұраққа – жауап» әдісі арқылы жауап алды. «Бала құқығы» және «Оқушы міндеттері» тақырыбында



плакат құрылып, қорғады. Семинар соңында гугл форматта сауалнама алынып, қорытынды жасалды.

Қараша айында «Бақытты ана- бақытты бала – бақытты отбасы- бақытты ел» тақырыбында көп балалы ата- аналармен жиналыс өтті. Жиналыс мақсаты: балалардың бойына отбасына деген сүйіспеншілікті орната білу, отбасы құндылықтарын дәріптеу. Жиналысқа директордың ТІЖО, әлеуметтік педагогтер, мектеп психологы, қамқоршылық кеңесі ұйымы қатысты.

Қараша айының соңында қолайсыз отбасыларға, әлеуметтік осал топ отбасыларына рейд жүргізілді. Рейдке сынып жетекшілері, мектеп психологының қатысуымен рейд жүргізілді. Мақсаты: кәмелетке толмаған оқушылардың тұрғын үйін зерттеп, тексеру. Рейд


кезінде барлық оқушы үйлерінде болды.

Желтоқсан айында "Жүрек жылуы" қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акция мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға қолдау, көмек көрсету. Акция аясында көмекке

мұқтаж 2 отбасыға азық-түлік, шаруашылық тауарлармен және қыстық аяқ-киіммен көмек көрсетілді. Мектебіміздің ұстаздарына және "Нан-ас атасы" тақырыбында ұн өнімдерінен жасалған тағамдар жәрмеңкесіне қатысып, жиналған қаражатты қайырымдылық акциясына ұсынған 5-7 сынып оқушылары мен ата-аналарына мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың берер алғысы мен батасы ұшан теңіз. Қамқорлық жасау, мейірімділік таныту әрбір адамзаттың парызы.



Желтоқсан айында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер (Біртұтас тәрбие бағдарламасы; Нашақорлық – қауіпті дерт; Жан-жақты құқықтық тәрбие. Бала қауіпсіздігі басты назарда; Зорлық- зомбылықтың, суицидтің алдын-алу және буллингтің мәселелері; Ата-аналардың міндеттері; Терроризмнің алдын-алу; Өрт қауіпсіздігін сақтау шаралары) айтылды. Жиналысқа Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Акишев А., ата-аналар кеңесінің төрайымы Елеубекова Қ.Е., Шет ауданының ПБ ЖПҚТ ЮПТ УПИ полиция капитаны Ғалым Әйгерім Хайруллақызы, мектеп медбикесі Сулейменова С. қатысты.





Желтоқсан айы 23,24 күні Қарағанды қаласы, яғни, «Дарын» мамандандырылған меткеп-интернатында және «Европа» мейрамханасында аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан б»Д» сынып оқушысы Ермек Айару Қазақстан Республикасы Президентінің атынан өткізілген жаңа жылдық шырша өткізілді. Шырша оқушылар үшін өте қызықты өтті, көптеген ойындар ойнатылып, ол үшін сыйлықтар беріліп жатты. Кеш соңында оқушыларға түскі ас беріліп, сонымен қатар, әрқайсысына тәтті дәмділер мен жекелей сыйлық (ұялы телефон Редми 12) берілді. Оқушылар мерекеден өте көңілді әсермен қайтты.

Желтоқсан айы 25 күні Ақадыр кенті, яғни, Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан және ЕБҚЕ 8 оқушыға аудандық жаңа жылдық шырша өткізілді. Шырша оқушылар үшін өте қызықты өтті, көптеген ойындар ойнатылып, ол үшін ақшалай сыйлық берілді. Кеште оқушыларға таңғы, түскі ас беріліп,



сонымен қатар, әрқайсысына тәтті дәмділер берілді. Оқушылар мерекеден өте көңілді әсермен қайтты.



Желтоқсан айының 28 күні Жаңа жылдық мерекеге орай «Ғимарат- М» мекемесі әлеуметтік осал топтағы 20 оқушыға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау

мақсатында сыйлықтар таратылды.

Қаңтар айында Бракераждық комиссиясымен оқушылардың ыстық тамақпен тамақтану сапасына мониторинг жүргізді. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы мен кеңес мүшелері асхананың іші жай-күйімен танысты.

«Жүз жол – біреуі сенікі» атты кәсіптік бағдар беру апталығының жұмыс жоспары бойынша «Мамандық. Бұл не?» атты викториналық сайыс өткізілді.



8 сынып қыздары мен аналары үшін жиналыс өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер: Кибербуллинг; Бала қауіпсіздігі басты назарда; Зорлық- зомбылықтың, суицидтің алдын-алу және буллингтің мәселелері; Жиналысқа Шет ауданының ПБ ЖПҚТ ЮПТ УПИ полиция капитаны Ғалым Әйгерім Хайруллақызы, мектеп медбикесі қатысты.

Ақпан айында жоспарға сәйкес «Құқықтық

навигатор» құқықтық сауаттылық апталығы өтті. 5-9сынып оқушыларына «Кәмелетке толмағандардың мектептегі терроризм фактілері мен біле тұра жалған хабарламалар үшін жауаптылығы» тақырыбында дәріс өтті.



11 сынып оқушылары арасында «Тапқыр болсаң, озып көр!» интеллектуалды ойыны өтті. Мақсаты: оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Мектеп психологтарымен бірге жоспарға сәйкес балаларға «Құқықтық көмек күні» ұйымдастырылды.

Наурыз айында 5-7 сынып қыздары арасында сынып жетекшілермен бірге мектепішілік жиналыс өтті. Күн тәртібінде: Мектептің ішкі тәртібі, оқушылардың жеке бас гигиенасы, сабаққа қатысуы мен мектеп формасы, буллингке жол жоқ, лудомания тақырыптары талқыланды.

15 наурыз - жалпыреспубликалық Қайырымдылық күні. Бұл күн қайырымдылыққа, мейірім мен татулыққа арналады. Мектебімізде жоспарға сәйкес “Жүрек жылуы” қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акция мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға қолдау, көмек көрсету. Акция аясында көмекке мұқтаж 2 отбасыға азық-түлік, шаруашылық тауарлармен, 1 оқушыға оқу-құралдарымен, 1 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді. Мектеп ұжымына мектеп әкімшілігі мен ата-аналардың берер алғысы мен батасы ұшан теңіз.



Сәуір айында жоспарға сәйкес 8-11 сынып оқушыларымен жиналыс өтті. Жиналысқа полиция майоры, КПБ-нің УПИ-лары қатысты. Кездесу барысында оқушыларға жасөспірімдердің жауапкершілігі, 23.00 – ден кейін жүруге болмайтындығы, зиянды заттарды тұтынудың салдары туралы айтылды.



Сәуір айында қолайсыз отбасыларға, әлеуметтік осал топ отбасыларына рейд жүргізілді. Рейдке мектеп инспекторы, сынып жетекшілері, мектеп психологы қатысты. Мақсаты: кәмелетке толмаған оқушылардың тұрғын үйін зерттеп, тексеру.

Мамыр айында 5-7 сынып ұлдары арасында жиналыс өтті. Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

Кибербуллинг, Бала қауіпсіздігі басты назарда; Зорлық-зомбылықтың, суицидтің алдын-алу және буллингтің мәселелері; Жиналысқа Шет ауданының ПБ ЖПҚТ ЮПТ УПИ полиция капитаны Ғалым Әйгерім



Хайруллақызы қатысты.



Мамыр айының басында қолайсыз отбасыларға, әлеуметтік осал топ отбасыларына рейд жүргізілді. Рейдке мектеп инспекторы, сынып жетекшілері, мектеп психологы қатысты. Мақсаты: кәмелетке толмаған оқушылардың тұрғын үйін зерттеп, тексеру.

Мамыр айының соңында "Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру" мемлекеттік қызметіне

сәйкес биылғы оқу жылына әлеуметтік осал топтан шыққан 87 оқушының құжаты жиналып, е білімал платформасына тіркеліп, тізім жасалды.

Аталғандардан басқа, әлеуметтік педагогтер таңертең оқушыларды түгендеп және кешіккен оқушыларды қадағалап, аталған ақпаратты қағаз бетіне түсіріп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына табыстайды. Одан соң тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың уақытылы тамақтануын, тәртібін қадағалап, күнделікті санын есеп табеліне тіркейді. Сонымен қатар, қажет болғанда аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасынан шыққан және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың отбасына тұрмыстық-материалдық зерттеу жүргізеді. Оқушылар арасындағы кикілжің оқиғалар орын алған жағдайда оқушылармен және ата-аналармен әңгімелесу жүргізіп, жұмыс журналына тіркейді.

Сонымен қатар, ай сайын профилактикалық Кеңесі отырысы өткізіледі. Ол жерге сабақты себепсіз босатқан, мектептің ішкі ережесін сақтамаған оқушылар ата-анасымен қоса шақыртылып тәртібі мен үлгерімі талқыланады. Кеңес мүшелеріне аталған сынып жетекшілері тарапынан мінездемелер, оқушылармен жүргізілген жұмыстар ұсынылады. Оқушылардың тәртіптері қарастырылып, талқыланып әр қайсысының өзіне тиесілі шешімі шығарылады. Аталған жұмыстың нәтижесінде оқушылар түзеліп, оңтайлы нәтиже беріп жатады.



Бөкітемін

Ю.А. Багарин атындағы

мектеп-лицейінің директоры

Г. Тусупова

2023 ж.

Мектептің әлеуметтік паспорты

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	1147	100 %
	Отбасы түрі бойынша:		
1.	Толық отбасылар	620	90 %
2.	Толық емес отбасылар	143	10 %
3.	Анасы жоқ балалар	13	0,6 %
4.	Әкесі жоқ балалар	130	4 %
5.	Көп балалы отбасы	191	12 %
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	97	8 %
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	0,3 %
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	41	3 %
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
	Ата-аналарының білімі:		

1. Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	208
2. Техникалық және кәсіптік	72
3. Орта	483

Әлеуметтік педагог



А. Есембекова

Т. Жүнісбек